

Акимбекова Г., Байелі Ә.
**Кәсіби қазақ тілін оқытудағы
бинарлы сабақтың рөлі**

Дәстүрлі емес сабақ түріне жататын бинарлық сабақтың негізгі мақсаты, міндеті мен өзіндік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан қарастырылады. Бинарлық сабақ қазақ тілін шет тілі ретінде өзге тілді топтарда оқытын студенттерге кәсіби қазақ тілін оқытудың таптырмас формасы болып отыр. Бинарлық сабақ барысында студент болашақ маман ретінде сөйлеп, өз саласы жайлы қазақ тілінде еркін сөйлей алатын маманнан түсінік алады. Бұл студенттің тілді оқуға, үйренуге, білуге деген ынтасын арттыра түсуге көмектеседі.

Мақалада, сонымен қатар, бинарлық сабақ үлгілері қоса берілген. Бинарлық сабақтың теориясы мен үлгісінің қатар берілуі негізгі объектінің басты қырларын аша түседі.

Түйін сөздер: бинарлық сабақ, интеграция, білім беру, сабақ түрлері, коммуникативтік құзірет.

Akimbekova G., Baieli A.
**The role of the binary lesson
in the teaching of professional
kazakh language**

The article deals with the type of non-traditional lesson as a binary, its characteristics, objectives and main goals on the theoretical bases. Binary lesson is the optimal form of teaching professional Kazakh language to students, studying the Kazakh language as a foreign language. During binary lesson, students act as future professionals and receive information in the Kazakh language from a specialist. It helps the student to study, to explore and encourages him to learn. Also in the article, the authors give types of binary classes. Along with the theory and types of binary lesson reveals the features of its main object.

Key words: binary lesson, integration, education, types of lessons, communicative competence

Акимбекова Г., Байелі Ә.
**Роль бинарного урока
в преподавании
профессионального
казахского языка**

В статье с теоретических позиций рассматриваются основные цели, задачи и особенности такого вида нетрадиционного урока, как бинарный урок. Бинарный урок является оптимальной формой преподавания профессионального казахского языка у студентов, изучающих казахский язык как иностранный. Во время бинарного урока студенты выступают как будущие специалисты и принимают информацию на казахском языке от специалиста. Это помогает студенту учиться, изучать, побуждает его к познанию. Также в статье авторы приводят образцы бинарных уроков. Наравне с теорией и образцами бинарного урока раскрываются особенности его основного объекта.

Ключевые слова: бинарный урок, интеграция, образование, виды уроков, коммуникативная компетенция

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БИНАРЛЫҚ САБАҚТЫҢ РӨЛІ

Бүгінгі таңда, жаңа технологиялар арқылы білім беру негізгі, өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, мемлекеттік тілдің қолдану аясын, меңгерілу деңгейін көтеру мақсатында жаңа технологиялар арқылы сабақ беру оқытушының алдына қойылған міндеті. Оқытушы тілді үйрету барысында жаңа технологияларды пайдалану арқылы тіл үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін ғана ашып қоймай, олардың тілді оқудағы әрекетін белсенді етуге мүмкіндік алады.

Баршамызға белгілі оқыту әдістемесі тек қазақ елінде ғана емес, дүниежүзіндегі қиын кезең болып отыр. Әйтсе де білім сапасын көтеру мақсатында жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Әрбір білім алушы білім беру жүйесіндегі жаңғырықтардың куәсі болып жатыр.

Білім берудегі жаңартулар ол дәстүрлі емес әдістер мен ұйымдастыру түрлерін талап етеді. Сабақ барысында қолданған әрбір әдістің қолдану ерекшелігін ескере отырып, оны орынды түрде іске асыру қажет. Себебі әрбір әдістің атқаратын міндеттері де әр түрлі болып келеді. Жалпы әдіс дегеніміздің өзі де белгілі бір материалды нәтижелі меңгертудегі қолданылатын оқытушы мен тіл үйренушінің бірлесіп атқаратын іс-шарасы.

Бүгінгі біздің мақаламыздың да мақсаты – тілді үйретудегі дәстүрлі емес сабақ туралы ойбөлісіп, тәжірибе алмасу. Бинарлық сабақ – бұл дәстүрлі емес, пәнаралық байланысты дамытатын сабақ түрі. Ең алдымен, бинарлық сабақта бір мәселені шешуде әр саладан алынған білімді интеграциялауға мүмкіндік туғызатын, екі немесе үш оқытушының білім беруі. Оның бәрі оқытушы болуы міндетті емес. Алған білімді тәжірибеде қолдануға әбден болады.

Қазіргі таңда білім берудегі өте кеңінен қолданылып жүрген интеграция әдісі бинарлық сабақтың мазмұны мен мақсатына дәл келеді. Латын тілінен интеграция терминін «қайта қалпына келу, бірігу, қосылу» деп аударуға болады. Бұл тұста механикалық тұрғыдан ғана бірігу емес, бір-біріне бірігіп кетіп кірігу деген кең мағына береді. Ал енді интеграциялық формадағы сабақтар дегеніміз белгілі бір тақырыпты ашуға арналған түрлі қызметтердің, ақпараттар ағынының және әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып табылады.

Интеграцияны мақсат еткен сабақтардың құрылымы алдын-ала ұйымдастырылған, ойластырылған, бір сабақта бірнеше ақпарат беріп, білім алушыны практикалық та, териялық та біліммен қанағаттандыруға негізделеді. Бұл үшін оқытушы оқытудың барлық жаңа әдіс-тәсілдерін толық, жан-жақты пайдалана алады.

Кез келген бинарлық сабақтың мақсаты білімді, дағды мен ептілікті уәждендірілген тәжірибеде қолдануға жағдай жасау, білім алушыларға өз еңбегінен нәтиже алуға болатындығына мүмкіндік туғызу. Яғни, осындай сабақтар басқа саламен байланыстар орнатып, шығармашылық жағдаяттарда шешім табуға көмектеседі.

Тақырып бойынша сабақты екі оқытушы жүргізеді, оның екеуі де педагог болуы міндетті емес. Қалай педагог болмаса сабақ береді деген ой туындауы мүмкін. Жоғарыда айтып өткендей тақырыпқа сәйкес мамандар шақырылады. Сабақ берушілердің психологиялық және әдістемелік үйлесімділігі сәйкес табуы қажет.

Сонымен, ең алдымен, бинарлық сабаққа сәйкес келетін материалдарды сұрыптай отырып, тақырыпты таңдап алу өте маңызды жұмыс. Одан әрі осы материал бізге оқытудың уәжін көтеруге көмектесуі қажет. Ол материал екі саланың арасынан білім алушылардың қызығушылық туғызатын, шығармашылық ізденіске жол ашатындай болуы керек.

Кәсіби қазақ тілі сабағында білім алушыларды қазақ тілінде мамандығы тілінде сөйлесуді, яғни кәсіби коммуникация дағдысын қалыптастыруды басты мақсат еткендіктен, мынадай принциптерді есте сақтаған жөн. Олар:

1. Оқытудың сөйлесімге бағытталуы;
2. Тілдің қызметі мен сөйлесу формасын анықтау;
3. Оқытуда жұмыстың ауызша және жазбаша формаларын бірлікте қолдану;
4. Мәтіндердің түпнұсқамен сәйкес келуі; Жағдаяттық форманың қолданылуы;
6. Оқу процесін білім алушының шығармашылығымен ұштастыру;
7. Екі жақты адекваттық қарым-қатынас.

Жоғарыда атап өткен принциптер толығымен бинарлық сабақта қолданыс тапса, сабақтың өз мақсатына жетуіне үлкен септігін тигізеді сөзсіз.

Бинарлық сабақ дәстүрлі ғана емес, толық интеграцияны қажет ететін сабақ болғандықтан ұйымдастыруда да кейбір қиыншылықтар кезесуі мүмкін. Оларды атап айтар болсақ:

- ұзақ уақыт дайындықты қажет етеді.

- сабақ өткізушілердің бір-біріне деген толық психологиялық және әдістемелік сәйкестігі болуы керек.

- кейде сабақ кесетесіне де қатысты мәселелер туындауы мүмкін.

- шынын айтқанда, бинарлық сабақтың теориялық тұстары толық зерттелмеген.

Бинарлық сабақты өткізудегі ең маңызды кезең – дайындық кезеңі [1, 66]. Сонымен дайындық бөлімдерін мынадай кезеңдерге бөліп қарауға болады:

1-кезең. Бинарлық сабаққа дайындықты ең алдымен тақырып таңдаудан бастайды. Өйткені бұл сабақ түріне бір сабақтың ғана емес, пәннің бірнеше тақырыптарының басын қосатын бөлімі алынады.

2-кезең. Сабақтың мақсаты мен міндетін дәл, әрі нақты анықталады.

3-кезең. Сабақ жоғарыда қойылған міндет пен мақсатты ашатындай болып тиімді, ұтымды формада дұрыс ұйымдастырылуы қажет.

4-кезең. Сабақтың нәтижесін алдын-ала сараптау.

5-кезең. Екі сабақ өткізушінің сабақтың ұйымдастырылуы мен барысындағы рөлдерін дұрыс анықтау. Яғни, берілетін ақпаратты бір-бірін қайталамау қажет.

Міне, жоғарыда көрсетілгендей кезеңдер дұрыс ұйымдастырылса, білім берудің уәжі мен студенттердің қызығушылығын көтеруге көмектесуі қажет. Сабақ нәтижесі білім алушылардың қызығушылық туғызып қана қоймай, олардың шығармашылық ізденістеріне жол ашатындай болуы керек.

Одан арғы қадам бинарлық сабақ өткізу үшін, сабақ түрінің біреуін таңдау керек, айталық:

- диспут сабағы,
- сұхбат сабағы,
- пресс-конференция сабағы,
- ойын сабағы,
- форум сабағы,
- зерттеу сабағы және т.б.

Сабақ түрінен кейін сабақ типін анықтау қажет, мысалы:

- аралас,
- жаңа білім беру,
- тәжірибелік,
- қайталау, жинақтау,
- қорытынды,
- бақылау. Қарапайым сабақтан қарағанда,

бинарлық сабақ жаңа білім беру, алған білімді жинақтау немесе аралас болуы мүмкін.

Бинарлық сабақтың тиімді тұстары:

- Пәнді тереңнен оқып, танып, білімін практикалық тұрғыдан пайдалануға жол ашады;

– Өртүрлі салалардың бір сабақ аясында қосылып, ақпараттың бір бүтін құбылыс ретінде көрініп, қабылдануын қамтамасыз етеді.

– жүйелі ойлауды қалыптастырады.

– студенттердің аналитикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Өйткені бұл сабақтарда студент теория мен практиканы салыстыра отырып ақпарат алады.

– студенттің оқу материалдарын бір бүтін тұтастықта қолдануға үйренеді;

– студенттің шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі;

– студенттің кәсіби дағдысын қалыптастыруға көмектесе алады;

– педагогика мен өндірістің бірлігін арттыра түседі;

– педагогтың өзін-өзін жетілдіруіне, шығармашылығына әсері мол.

Бинарлық сабақтың мақсаты мен міндеті әр пән бойынша түрленіп отырады. Мысалы, бір тілді шет тілі ретінде үйретуде келген қонақтың өз саласында сол тілде анық, жақсы сөйлеп қарым-қатынас жасай алуы үлкен жетістік, әрі басты шарттың бірі.

Осы мақалада өзіміздің тәжірибемізден өткен бинарлық сабақтың жоспарымен таныстырғалы отырмыз. Бұл логистика мамандығы бойынша оқып жатқан орыс бөлімінің студенттерімен өткізілген сабақ, бинарлық сабақты қазақ тілі пәнінің оқытушысымен бірге Алматы қаласындағы логистикалық компанияның директоры өткізді. Әрине, кәсіпкерлер педагог емес, бірақ олар нағыз практиктер. Өз ісіне маманданған маманмен бірге өткізген бинарлық сабақтардың негізінде тілді үйреніп жатқан студенттердің тілді үйренуге деген қызығушылықтарының жоғары деңгейде артқанына көз жеткіздік.

Бинарлық сабақ үлгісі

Пән: Кәсіби қазақ тілі

Мамандығы: Менеджмент

Сабақ тақырыбы: Ұйымның жалпы сипаттамасы Ұйымның жалпы сипаттамасы

Сабақтың мақсаты: «Ұйымның жалпы сипаттамасы» тақырыбы арқылы төл мамандығының кәсіби терминдерін меңгеріп, мәтінді және оған қатысты өз ойларын еркін әңгімелеп беруге үйрету.

Сабақтың табыс критерилері: Студенттер бүгінгі «Ұйымның жалпы сипаттамасы» тақырыбы бойынша еркін сөйлеп, кәсіби терминдер жүйесі мен грамматикалық формаларды сауатты меңгеріп, видеоматериалдарды тыңдап түсіне алады. Өзіне қажетті және қосымша мәліметтерді оқып түсінеді.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың ресурстары: видеоматериал, интерактивті тақта, түрлі-түсті суреттер.

Миға шабуыл стратегиясы.

«Алматыда аналар құжын қорғайтын ұйымарбаға таңылған аналарды құттықтауды бастап та кетті» <https://www.youtube.com/watch?v=igrqMLdkO2I> [2] бейнематериалын тамашалау.

Бейнематериал мазмұны бойынша студенттерге мынадай сұрақтар қойылады:

1) Бейнематериалда кім және не туралы айтылды?

2) Бейнематериалдың басты кейіпкерлері кімдер?

3) Бейнематериалдағы аналар не үшін жылады?

4) Аналарға қайырымдылық көрсеткен кімдер? Жаңа сабақ.

«Ұйымның жалпы сипаттамасы» мәтінін қонақ пен мұғалімнің кезек-кезек алмаса отырып оқытып, терминдерін түсіндіріп, жұмыс жасауы жүргізіледі.

Тапсырма. Төмендегі сөздермен және сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыру

1. әлеуметтік топ
2. түрлі әрекеттерін қадағалайтын
3. құқылы
4. жетекші
5. талаптарға сәйкес болу керек
6. қамтамасыз етеді
7. капитал
8. технология
9. ақпарат

Топтық жұмыс. Студенттер 2 топқа бөлінеді. Бір топтың ашқан ұйымы – тігін ательесі, екіншілерінікі – банк. Студенттердің жұмысының нәтижесі қонақпен бірге тексеріледі. Әр топ төменде көрсетілген пункттер бойынша жұмыс жасайды. Олар:

1. Ұйымның атауы;
2. Ұйымның мақсаты;
3. Ұйымның түрі;
- 4) Ұйымға жұмысқа алынатын қызметкерлерге қойылатын талаптар:

Тапсырма. Әр студенттен өзінің жеке бизнесін ашып, белгілі бір ұйым құруы жайлы қонақпен кеңінен пікір алмасу. Пікір алмасу мына тараулар бойынша жүреді:

1. Ұйымның атауы;
2. Ұйымның мақсаты;
3. Ұйымның түрі;

Қонақ өз тәжірибесін бөлісу арқылы, студенттердің ойына ой қосып, ақылын айтып, бизнестің қыры мен сырын түсіндіріп береді.

Қорытынды.

Бағалау.

Бинарлық сабақ үлгісі

Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның топырақ-өсімдік қорларының ерекшелігі

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың ресурстары: Қазақстанның географиялық картасы, интерактивті тақта, poster, түрлі-түсті қаламдар, видеолар.

1. *Сергіту сәті.* Кешуо тобының орындауындағы «Туған жер» <https://www.youtube.com/watch?v=uvPGNnHil-A> [3] әнінің клипын қойып тыңдату. Бұл арқылы студенттер жаңа сабақты жақсы көңіл-күймен бастайды.

2. *Миға шабуыл стратегиясы.* Жоғарыда тыңдалған әннің мазмұны бойынша студенттерге мынадай сұрақтар қойылады:

- 1) Ән не туралы ?
- 2) Клиптегі басты кейіпкер кім деп ойлайсыз?
- 3) Суретші не үшін түрлі-түсті түстерді қолданды?
- 4) Ең соңында суретші қарап тұрған кімнің бейнесі?
- 5) «Туған жердің табиғаты» деген тақырыпқа қатысты тірек сөздерді айтыңыздаршы.

3. Жаңа сабақ.

Мұғалім: Құрметті студенттер, бүгінгі жаңа сабағымызды «Қазақстанның топырақ-өсімдік қорларының ерекшелігі» тақырыбына арнаймыз. Қазақстанның топырақ-өсімдік қорлары жайлы тақырыпқа қатысты жаңа ақпараттармен, терминдермен танысамыз.

Мәтін алдындағы жұмыс. Тақырыпқа қатысты мынадай ойтолғау сұрақтары қойылады:

1) Топырақ дегеніміз не?

Жауап: Топырақ бойында құнарлылық қасиеті, яғни өсімдіктерді сумен, басқа да қоректік элементтермен қамтамасыз ететін қабілеті болады

2) Орман дегеніміз не?

Жауап: Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер басты бір типі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштың бір немесе бірнеше түрлері бар табиғи кешен.

3) Өсімдіктер дегеніміз не?

Өсімдіктер – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (біріншісі – жануарлар). Құрлықтың барлық жерінде өседі, суда кездесетін түрлері де бар

Құрметті студенттер, бүгін бізде қонаққа әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Биология мұражайының директоры, б.ғ.к. Мұсабеков Қылышбай Сәтімбекұлы. Бұл кісі бүгін бізге еліміздің топырағы, өсімдіктері тақы-

рыбына арналған сабағымызға қатысып, маман ретінде ой бөліседі.

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс (Бұл тапсырманы толығымен қонақ түсіндіріп өтеді):

- Мелиорациялау – жерді жақсартуға бағытталған техникалық және шаруашылық-ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы
- Фитопрепараттар – шөптен жасалған дәрілер
- Аллапинин препараты – домалақ, ақ түсті дәрі
- Фармакология – адам организміне әр түрлі дәрілік және биологиялық белсенді заттардың тигізетін әсерін зерттейтін, сондай-ақ дәрі-дәрмектің жаңа түрлерін іздеп табуды қарастыратын ғылым

4. Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді әр студент оқиды. Алғашқы 3 азат жолмен өзім, қалған бөлігін қонақ түсіндіріп береді. Әрбір азат жол бойынша түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізіледі.

Оқытушы:

Балалар, түсінбеген сөздеріңіз болса, сұраңыздар.

Студенттердің топтық жұмысы:

Топта 11 студент бар. Осы студенттерді екі топқа бөлемін. Бір топ «Қазақстанның ормандары», екінші топ «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері» болады.

Топтарға арналған тапсырмалар. Топтарға Қазақстанның картасы [4] беріледі. (Тапсырмалардың жауабын қонақ тексереді).



«Қазақстанның ормандары» тобына:

1. Қазақстанда қандай ормандар бар?
2. Олар карта бойынша қай жерлерде орналасқан?
3. Бұл ормандардың өсімдіктер, жануарлар құрамы қандай?

«Қазақстанның дәрілік өсімдіктері» тобына:

1. Қазақстанда қандай дәрілік өсімдіктер өседі?

2. Олар карта бойынша еліміздің қай облыстарында орналасқан?

3. Бұл өсімдіктердің шипалық қасиеттері қандай?

Үйге тапсырма: «Қазақстанның топырақ-өсімдік қорларының ерекшелігі» атты мәтінін оқып, мазмұнын айтуға дайыдалып келу.

Қорытынды

Бағалау.

Қорыта келгенде, қай кезеңде болмасын, білімді де, білікті, бәсекеге қабілетті, көптілді, көп мәдениетті, тұлғалар қоғам үшін аса

қажет екені белгілі. Елімізде айтылып жатқан дуальді білім беру идеясының бастамаасы деп бинарлық сабақты айта аламыз. Бинарлық сабақ – жоғарыда атап өткендей интеграция заңдылығына бағынатын, күрделі жүйе. Білім берудің барлық интерактивті әдістерін қолдана отырып, коммуникациялық күзіретке қол жеткізуде бинарлық сабақтың формасы таптырмас құрал болып табылады. Білім алушы студентке білім беріп қана қоймай, кәсіби тәлім мен тәрбие беру үшін де бинарлық сабақты қолдана аламыз. Бинарлық сабақта теориялық және практикалық білімді біріктіре отырып біртұтас білім беруге, бір уақытта екібірдей (бинарлық) мақсатқа қол жеткізуге, сабақтың теориялық және практикалық мазмұнымен тығыз байланыс орнатуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Ахметова А.Б. Бинарный урок как форма реализации коммуникативной концепции // Қазақстан кәсіпкері. – 2014. – №4. – Б. 66-70.
- 2 <https://www.youtube.com/watch?v=irpqMLdkO2I>
- 3 <https://www.youtube.com/watch?v=uvPGNnHil-A>
- 4 https://www.google.kz/search?q=%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD+%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%81%D1%8B&biw=1366&bih=633&source=lnms&tbn=isch&sa=X&ved=0ahUKEwiZpZXBxbPLAhXoDpoKHSIFAYoQ_AUIBigB#imgrc=gASE3Mz92CoRDM%3A

References

- 1 Axmetova A.B. Binarniy wrok kak forma realizacii kommwnikativnoy koncepcii // Qazaqstan kasipkeri. – 2014. – №4. – B. 66-70.
- 2 <https://www.youtube.com/watch?v=irpqMLdkO2I>
- 3 <https://www.youtube.com/watch?v=uvPGNnHil-A>
- 4 https://www.google.kz/search?q=%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD+%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%81%D1%8B&biw=1366&bih=633&source=lnms&tbn=isch&sa=X&ved=0ahUKEwiZpZXBxbPLAhXoDpoKHSIFAYoQ_AUIBigB#imgrc=gASE3Mz92CoRDM%3A